

## 2011 жылғы 1 қыркүйектегі сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

### Сақтандыру сыйлықақылары

2011 жылғы 1 қыркүйекте сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 19,0%-ға көбейіп, 115 740,7<sup>1</sup> млн. теңге болды.


### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

*млн. теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.09.2010ж.		1.09.2011ж.		1.09.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлес, %	Сомасы	үлес, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	97 236,1	100,0	115 740,7	100,0	19,0
Міндетті сақтандыру	24 987,6	25,7	28 410,6	24,6	13,7
Ерікті жеке сақтандыру	22 599,8	23,2	33 852,3	29,2	49,8
Ерікті мүлдіктік сақтандыру	49 648,7	51,1	53 477,8	46,2	7,7

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 13,7%-ға асып түсті, ерікті жеке сақтандыру бойынша өсу 49,8%-ды, ерікті мүлдіктік сақтандыру бойынша өсу – 7,7%-ды құрады.

2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен



сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 60,6% (17 218,8 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-

құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 32,0% (9 080,7 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оларды жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, 2,5% (716,9 млн. теңге) тасымалдаушының жолаушы алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 4,9% түскен.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 20,4% (6 923,5 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 29,8% (10 090,3 млн. теңге), өмірді

<sup>1</sup> сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегергенде көрсетілген

сақтандыру бойынша – 8,1% (2 735,0 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 41,7% (14 103,5 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – автокөлікті сақтандыру бойынша – 4,9% (2 605,9 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 51,7% (27 669,3 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 13,3% (7 118,9 млн. теңге), басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 17,0% (9 090,3 млн.теңге) және басқалар бойынша – 13,1% болды.


Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.09.2010ж.		1.09.2011ж.		1.09.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлес, %	Сомасы	үлес, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	97 236,1	100	115 740,7	100	19,0
Өмірді сақтандыру	10 852,1	11,2	16 838,4	14,5	55,2
Жалпы сақтандыру	86 384,0	88,8	98 902,3	85,5	14,5

млн. теңге

**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 16 838,4 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 55,2%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік күнде 2010 жылғы 1 қыркүйекте 11,2%-ға қарсы 14,5% болды.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2011 жылғы 8 айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 98 902,3 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы осындай кезеңге қарағанда 14,5% -ға көп.




## Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 46 656,1 млн. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 40,3%-ды құрады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 32,4% берілді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 15 597,6 млн. теңгені құрайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы резиденті еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 5 766,3 млн. теңгені құрайды.

*млн. теңге*

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.09.2010ж.		1.09.2011ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	44 572,2	45,8	46 656,1	40,3
резидент еместерге	40 158,7	41,3	37 445,1	32,4
резиденттерге	4 413,5	4,5	9 211,0	8,0
Резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	5 827,3	6,0	5 766,3	5,0



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 83,9%, міндетті сақтандыру бойынша – 14,4%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 1,7% болды.

### Сақтандыру төлемдері



2011 жылғы 8 айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 73,5%-ға көбейіп, 27 677,8<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 24,8% (6 873,7 млн. теңге) болып отыр.

*млн. теңге*

Страхование выплаты	1.09.2010ж.		1.09.2011ж.		1.09.2010ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	15 955,2	100,0	27 677,8	100,0	73,5
Міндетті сақтандыру	6 180,0	38,7	7 354,6	26,6	19,0
Ерікті жеке сақтандыру	7 977,5	50,0	12 964,8	46,8	62,5
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 797,7	11,3	7 358,4	26,6	в 4 раза

2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**в міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 54,6% (4 019,0 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым

<sup>2</sup> сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетілген

жағдайлардан сақтандыру бойынша 42,6% (3 130,7 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 2,1% (152,6 млн. теңге) және басқалар бойынша – 0,7% болды;

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 40,3% (5 225,0 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 2,2% (278,8 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 56,4% (7 316,2 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 1,1% (144,8 млн. теңге) болды;

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша – 57,9% (4 260,1 млн. теңге), мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 14,8% (1 090,3 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша - 11,8 (871,2 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру (көлік, әуе, су көліктері иелерінің АҚЖ сақтандыруды қоспағанда) бойынша - 4,7% (349,3 млн. теңге) және басқалар – 10,8% болды.

2011 жылғы 8 айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің ең көп көлемі аннуитеттік сақтандыру бойынша, төлемдердің жиынтық сомасының 18,9%-ы болды.

### Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 38 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 14 сақтандыру брокері және 83 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	1.09.2010ж.	1.09.2011ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	40	38
өмірді сақтандыру бойынша	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	13	14
Актуарийлер саны	64	83

Есепті күнге 27 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

**Капитал.** 2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 222 050,1 млн. теңге болды.

Қаржы көрсеткіштері	1.09.2010ж.	1.09.2011ж.	млн. теңге	
			1.09.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен	
Жиынтық активтер	336 994,6	361 187,3		7,2
Міндеттемелер	139 450,7	139 137,2		-0,2
оның ішінде сақтандыру резервтері	121 363,2	121 490,6		0,1
басқа да міндеттемелер	18 087,5	17 646,6		-2,4
Меншікті капитал (баланс бойынша)	197 543,9	222 050,1		12,4

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы 1 қыркүйекте 361 187,3 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 қыркүйекте осындай көрсеткіштен 7,2%-ға көп, оның ішінде:

млн. теңге

Активтер	1.09.2010ж.		1.09.2011ж.		1.09.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	20 935,2	6,2	22 934,6	6,3	9,6
Орналастырылған салымдар	75 663,1	22,5	86 372,5	23,9	14,2
Бағалы қағаздар	143 075,0	42,5	174 946,1	48,5	22,3
«Кері РЕПО» операциясы	6 237,9	1,8	4 097,6	1,1	-34,3
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	17 812,9	5,3	16 353,5	4,5	-8,2
Негізгі қаражат	4 862,0	1,4	6 785,7	1,9	39,6
Қайта сақтандыру активтері	50 846,8	15,1	30 244,9	8,4	-40,5
Басқа дебиторлық берешек	12 231,0	3,6	12 519,6	3,5	2,4
Басқа активтер	5 330,7	1,6	6 932,8	1,9	30,1
<b>Активтер жиынтығы</b>	<b>336 994,6</b>	<b>100,0</b>	<b>361 187,3</b>	<b>100,0</b>	<b>7,2</b>

**Міндеттемелер.** 2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 139 137,2 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 0,2%-ға аз.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 121 490,6 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 қыркүйекте қалыптасқан резервтердің көлемінен 0,1%-ға көп.



### Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қарастырып отырған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары және сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің азайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 39,5%-ы және сақтандыру төлемдерінің 25,1%-ы келеді. Сақтандыру нарығының жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компаниялардың үлесі 52,9% құрады.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	1.09.2010ж.	1.09.2011ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	42,5	39,5

Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	52,1	52,3
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	33,9	25,1
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	35,8	39,3
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	53,7	52,9
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	62,0	62,4

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	1.09.2010ж.	1.09.2011ж.
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	19303,6	26 310,2 <sup>3</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,50	0,44 <sup>4</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,02	0.84
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,75	1.37
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	6 155	6 983 <sup>5</sup>

<sup>3</sup> – деректер ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми сайтынан (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысында мақұлданған 2009-2013 жылға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік параметрлер болжамына енгізілген өзгерістерге сәйкес (Үкімет отырысының 26.08.2008 жылғы №32 хаттамасы)).

<sup>4</sup> - 2011 жылғы қаңтар-тамыз айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

<sup>5</sup> – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқы 01.09.2010 ж. бойынша 16 189 667 адам.